

Халықтың шаруашылық-ауыз су қажетіне арналған меншікті орташа тәуліктік су тұтынуы туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облыстық әкімдігінің 2008 жылғы 20 мамырдағы N 184 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2008 жылғы 6 маусымда N 3255 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық әкімдігінің 2010 жылғы 14 қаңтардағы № 5 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық әкімдігінің 2010.01.14 № 5 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңының 27 бабы, "Монополияшы кәсіпорындардың қызмет көрсетулеріне бағалар мен тарифтерді мемлекеттік реттеу жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметінің 1999 жылғы 9 сәуірдегі N 400 қаулысы негізінде және Қазақстан Республикасы Құрылыс істері жөніндегі комитетінің құрылыс нормалары және Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 1 наурыздағы N 4.01-02-2001 ережесіне сәйкес облыс әкімі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Салқын суды тұтыну нормалары есепке алу аспабынсыз мынадай көлемде б е к і т і л с і н :

	бір тұрғындарға арналған (бір жылға)
ғимараттарды салу:	ішкі суөткізгішпен және канализациямен жабдықталған
1) ваннасыз	160 л/тәулік
2) ванналармен және жергілікті суқыздырғыштармен:	230 л/тәулік
3) орталықтандырылған ыстық су жабдықтауымен:	300 л/тәулік

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М.Серікбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы бірінші ресми жарияланғаннан кейін 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Е.Сағындықов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК